

## **Жусупова Акбота Утепбергеновнаның**

6D020700 – «Аударма ісі» мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған

**«Ә. Нұрпейісовтің Қан мен тер трилогиясындағы этномәдени сәйкестіктің  
аударылу мәселесі» тақырыбына жазылған диссертациясына**

### **АНДАТПА**

#### **Жұмыстың жалпы сипаттамасы.**

Соңғы жылдары этномәдени бірегейлікті түсіну, талдау мәселесі, оның қызметі мен дамуы тек қана Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемде зерттеушілер тарапынан үлкен қызығушылық тудыруда. Бұл бірінші кезекте соңғы он жылдықтағы біздің өмірімізге тән мәдени кеңістіктің жаһандануы және мәдениаралық қарым-қатынастарының ұлғаюымен тікелей байланысты. Әлем елдерінің және этностардың әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени өмір салаларына ықпалын тигізген жаһандану үдерістері этномәдени сәйкестіктің мәдени және ұлттық негіздерінің маңыздылығының кемуіне әкеп соғуда, жеке тұлғаның белгілі бір тарихи бекітілген территориясы, тілі, мәдениеті бар көп ұлтты мемлекетке қатысты сезімінің әлсіреуіне қауіп туғызуда. Этникалық «мен» жаһандану ағынында жоғалып кетуде.

Біріккен компьютерлік желілердің дүниежүзілік жүйесі, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі, әлемнің жаһандануы жеке тұлға болмысының екі ұшты жайына алып келуде, адам өзін түрлі әлеуметтік және мәдениет салаларының шегіне жетуіне себеп болуда. Туындап отырған жағдай қалыптасқан ұлттың мәдени тұтастығына белгілі бір қауіп төндіреді. Бұл жағдай, әсіресе, Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекеттер жағдайында тіптен қауіпті. Осыған байланысты этномәдени бірегейліктің көмескіленуі мен жойылу мүмкіндігі мәселелері жиі талқылануда.

Мәселенің маңыздылығы Қазақстан республикасының этномәдени білім беру тұжырымдамасында атап көрсетілген (1996 жылғы 15 шілдедегі № 3058 өкімі). «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы, «Қазақстан-2050» даму стратегиясы, «5 институциялық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам», ұлт жоспары «Рухани жаңғыру» шеңберінде қазақтардың ұлттық бірегейлігін сақтаудың негізгі детерминанттары өзіндік мәдени код саналатын, ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін және сол арқылы оны сақтау мен дамытуға ықпал ететін өзіндік сана, тіл, мифологиялық дүниетаным және тарихи жады болып есептеледі.

Көркем әдебиет этномәдени бірегейлік құбылысының басты зерттеу негізі болып табылады. Сөйлеу ерекшеліктерін, ақыл-ойды қамтитын этномәдени стереотиптер шығармада этномәдени ақпаратты беретін құрылымдық сипат алады. Олар шығармада сипатталған этностың ұлттық "бейнесін" қалыптастырады және этномәдени идентификатор ретінде қызмет етеді: шығарманың мәтінінде халыққа тән менталитет, оның мәдени дәстүрлері,

өмірлік-тұрмыстық ақиқаттары, әдет-ғұрыптары, ырым-салттары т. б. көрініс табады.

Этникалық-мәдени бірегейлігі жоғары мәтіндерді аудару үдерісінде аудармашы түпнұсқаның ұлттық-мәдени бірегейлік ерекшеліктерін сақтау мақсатында аударманың ұлттық-мәдени ассимиляциясын барлық тәсілдермен болдырмауға тырысуы тиіс. Қабылдаушының бөтен мәдениеттің өз мәдениетінен айырмашылығы жоқ деген жалған ойы болмауы тиіс. Көркем мәтіндердің этномәдени ерекшеліктерін білу олардың мазмұнын сәйкестікте түсіндіру үшін қажет, оны негізге алу аударма практикасында да маңызды.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі** мәселенің теориялық және практикалық маңыздылығымен, этномәдени компоненттердің ерекшеліктерін аудару кезінде практикалық ұсыныстар әзірлеу қажеттілігімен байланысты. Түпнұсқада бейнеленген этномәдени бірегейліктің элементтерінің аударылуы күрделі істің бірі болып табылғандықтан және де аударматану саласында жеткілікті зерттелінбеуден мәселенің өзектілігі айқын.

Жаһандану үдерістері мемлекетке институт ретінде және онымен байланысты ұлттық бірегейлікке тікелей әсер етеді деп болжауға болады. Әрине, қазақтардың этномәдени бірегейлігі кейбір дәрежеде өзгерістерге ұшырап, бірде нығайып, басқа жағдайда босаңсиды деген сеніммен келісуге болады. Сондықтан қазақтардың этномәдени бірегейлігін сақтау маңызды, өйткені ол әлемдік жаһандану жағдайында, заманауи көпқырлы әлемде қазақ этносының сақталуына және өзін-өзі танытуына ықпал ететін ұрпақтан ұрпаққа берілетін этномәдени код саналады. Бұл үдерісте этностың тұтастығын білдіретін тіл, ұлттың ерекшеліктерін, оның мәдениетін, дінін, тарихын жеткізуде маңызды міндет атқарады. Этномәдени элементтер немесе реалия сөздер мәдениеттің, тұрмыстың, әлеуметтік тарихи дамудың өзгешеліктерін бейнелейді, сипаттайды және де басқа ұлттың ұғымына, танымына жат болып көрінеді.

Әбдіжәміл Нұрпейісов – өз отандастары мен басқа да ұлт өкілдері үшін қазақ этносының көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан және қазіргі ұлттық санамыздың дамуына үлкен үлес қосқан танымал тұлға, қазақтың ұлттық сипаттағы ерекше суреткері мен шебері. Ұзақ та ұлағатты өмірінде өз халқына деген сүйіспеншілігін танытып, қоршаған ортамен адамдардың өзара қарым-қатынасын шынайы бейнелеуімен және әртүрлі стратегияларды қалыптастыруға ықпал еткен әлемдік деңгейдегі мемлекеттік маңызға ие үлкен жазушы. Оның көркем туындылары қазақ мәдениетімен, тарихымен тікелей сабақтасып жатыр.

«Қан мен тер» трилогиясындағы ұлттық мәселесіне, жазушының поэтикалық сөз саптау тәсіліне сыншылар мен зерттеушілер үздіксіз қызығушылық танытса да, әлі күнге дейін жеке монографиялық зерттеудің тақырыбы болған жоқ. Сондықтан, басқа тілдерге аудару кезінде этномәдени сәйкестіктердің берілуі мүмкіндігін анықтауға бағытталған диссертацияның өзектілігі сөзсіз. Ол Арал өңірі қазақтарының ұлттық және мәдени ерекшеліктерін анықтау, этномәдени компоненттерді басқа тілдерде беру тәсілдерін іздеу қажеттілігінен туындап отырғаны да айқын.

Қазіргі кезеңде қойылған мәселенің өзектілігі көркем аудармада түпнұсқадағы этномәдени бірегейліктің берілу сипатын анықтап, ашып көрсету зерттеудің басты нысаны. Дәлелдеу мақсатында осы зерттеу тақырыбын таңдап алуды ұйғардық.

### **Проблеманың даму дәрежесі.**

Этномәдени бірегейлік мәселелеріне қатысты әртүрлі ағымдар мен бағыттар қалыптасқан. Бұған дәлел – С.А. Арутюнов, Ф. Барт, М. Бахтин, Ю. Бромлей, Л.Н. Гумилев, Л. Лурье, В. Маслова, А. Садохин, Э. Тоффлер, Ф. Фукуяма, М. Хайдеггер, С. Хантингтон, Г. Шпеттің еңбектері.

Көркем мәтіндегі этномәдени элементтерді бейнелеу мәселесімен Ю.А. Карасева, Л.И. Комарова, О.А. Корнилов, Ю. Лотман, О.И. Сыромятников т.б. ғалымдар айналысты.

Ұлттық бірегейліктің мәселелерін зерттеуге отандық ғалымдар да көп көңіл бөлуде. Мәселен, жаһандану дәуіріндегі қазақтардың этникалық және этноәлеуметтік сәйкестендіру, олардың мәдени бірегейлігі мәселелері бірқатар ғалымдардың жұмыстарында қарастырылған. Г. Есім (қазақтардың этникалық кеңістігі), А.Қ. Қасабек (этноәлеуметтік мәдениеттің дәстүрлері), А.Х. Қасымжанов (қазақ даласының дәстүрлері). Қазақ бірегейлігінің қалыптасу тарихын түсіну үдерісіне, олардың этномәдени символизміне, қазақтардың жалпы ұлттық идеясына, олардың рухани жаңғыру мәселесіне үлкен үлесін қосқан ғалымдар: Р.К. Қадыржанов (этноәлеуметтік символизм және Қазақстанның ұлттық бірегейлігі), Ж. Молдабеков, М.С. Орынбеков, (этникалық өзін-өзі тану үдерісі).

Қазақ этномәдени бірегейлігінің ерекшеліктері Ж.К. Қарақұзова және М.Ш. Хасанов (қазақ мәдениетінің космосы), С. Кенжеахметұлы (қазақ елінің тұрмысы және мәдениеті), Д.К. Кішібеков (қазақ мәдениетіндегі менталитет пен дәстүрлер), Қ.Ш. Нұрланова, З.Н. Сәрсенбаева (этнос пен құндылықтар) М.С. Шәйкемелев (Қазақ бірегейлігі), Н.Ж. Шаханова (қазақ мәдениетінің дәстүрлі символикасы) еңбектерінде талданды.

Этномәдени бірегейліктің, көркем шығарма тілінің өзгешелігін, оның мәдени шарттылығы тұрғысынан аударма дәстүрінің аспектісінде мына аталған ғалымдар қарастырды: Ө. Айтбаев, А. Алдашева, С.М. Алтыбаева, Л.С. Бархударов, Г. Бельгер, Г.Ж. Болатова, Е.В. Бреус, Л. Венутти, С.И. Влахов, С.П. Флорин, Н.К. Гарбовский, Д.Ж. Дадебаев, Т.О. Есембеков, А.Ж. Жақсылықов, Қ.О. Жекеева, А.К. Жұмабекова, Г.Қ. Қазыбек, К. Қамбаров, М. Қаратаев, Дж. Касагранде, В.Н. Комиссаров, М.Е. Куантаева, А.В. Кунин, С. Құспанов, М. Құрманов, Дж. Кэтфорд, Ж. Мунен, Ю. Найда, Ф. Нойберт, К. Райс, Э. Пим, Я.И. Рецкер, Н.Ж. Сағындықова, А. Сатыбалдиев, С. Сейітов, М. Снелл-Хорнби, С.Талжанов, А. Тарақ, Г.Д. Томахин, З. Тұрарбеков, Р. Хайруллин, Э. Честерман, А. Швейцер.

Ө. Нұрпейісовтің шығармашылығын зерттеу барысында «Қан мен тер» трилогиясының поэтикасы, орыс тіліндегі және шет тіліндегі аудармалары Қ.О. Ажиев, А.С. Айкулова, А.К. Алимов, Н. Анастасьев, С. Елубай, Д. Исабеков, Э.Т. Кәкілбаева, Ж.Қ. Өмірбекова, М.К. Смағұлова,

А. Сейдімбеков, Т.С. Тұрсынов, А.М. Төлеубаева, Н.С. Шаухаманова, т.б. еңбектерінде қарастырылған.

**Диссертацияның зерттеу нысаны** – Нұрпейісовтің «Қан және тер» трилогиясындағы этномәдени кеңістік, этномәдени компоненті бар лексикалық бірліктердің семантикасының орыс және ағылшын тілдерінде берілуі.

**Зерттеу пәні** – Ә. Нұрпейісов трилогиясына енген романдардағы этномәдени бірегейліктің реалиялары мен қазақтардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің тіларалық негізде берілуі сипатталады.

**Диссертациялық жұмыстың мақсаты** – мәдени-таңбаланған тілдік бірліктерді түпнұсқадағы тілден аударма жасап, тұжырымдай білу және мәтін мазмұнын өзгерту механизмін зерттеу. Аталған мақсатқа сәйкес зерттеу нысанында мынадай **міндеттер** қойылды:

– гуманитарлық ғылымның қазіргі жетістіктерін ескере отырып, "этномәдени бірегейлік" ұғымын анықтау;

– көркем әдебиетті аударудың тарихы мен әдістеріне сүйене отырып, этномәдени бірегейліктің бейнелену сипатын, реалиялар мен ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің аудармада берілу тәсілдерін көрсету;

– Ә. Нұрпейісовтің трилогиясының жазылу тарихын және оны басқа тілдерге аударылуын, аударма тәсілдерін қарастыру;

– «Қан мен тер» трилогиясында автордың поэтикалық сөз саптауына құрылымдық-семантикалық талдау жүргізу;

– трилогиядағы бірегейлікті тудыратын тілдік бірліктердің мазмұнын анықтау;

– орыс және ағылшын тілдеріне аудару кезінде этномәдени ерекшелікті білдіретін тілдік құралдарды жеткізе білу әдістерін сараптау.

Диссертацияда көрсетілген Ә. Нұрпейісов романдарының поэтикасына талдау және интерпретация, оларды орыс және ағылшын тілдеріне аудару мынадай ғылыми әдістерге негізделген: құрылымдық-семантикалық әдіс – трилогияның этномәдени зерттеу аумағының құрылымын анықтау үшін қажет; салыстырамалы-салғастырмалы талдау әдісі – мағынасында этномәдени компоненті бар лексикалық бірліктерді аудару кезінде дұрыс жеткізе білу тәсілдерін анықтау үшін қолданылған; контекстуалды әдіс – қазақ мәтінінде және орыс, ағылшын аудармаларында талданатын лексикалық бірліктердің қолданылу ерекшеліктерін анықтау үшін; компоненттік талдау – түпнұсқа мен оның аудармаларының үйлесімді болу дәрежесін анықтау үшін қолданылған.

**Диссертацияның зерттеу көзі** – Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы («Ымырт», 1961; «Сергелдең», 1964; «Күйреу», 1970), Г.К. Бельгер жасаған романдардың жолма-жол аудармалары, Юрий Қазаковтың (1981) «Қан мен тер» трилогиясының түпнұсқа авторы мақұлдаған аудармасы және белгілі американдық құқық қорғаушы, журналист және аудармашы Кэтрин Фитцпатрик жасаған «Blood and Sweat» трилогиясының ағылшын тіліндегі аудармаларын салыстыра сараптап, бағалау.

**Диссертацияның зерттеу материалы** – этномәдени компоненті бар 600-ден астам лексикалық бірлік қамтылған, оның ішінде 246 бірлік қазақ тілінде, 213 орыс тілінде және 213 ағылшын тілінде талданды.

### **Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

– Ә. Нұрпейісовтің "Қан мен тер" трилогиясы алғаш рет этномәдени бірегейлік тұрғысынан монографиялық зерттеу нысанына айналды: романдардың шығармашылық тарихы, трилогиядағы этномәдени зерттеу аумағының ерекшеліктері, сондай-ақ оны орыс және ағылшын тілдеріне аудару мәселелері анықталады;

– алғаш рет қазақтардың ұлттық ерекшеліктеріне тән қолданылатын сөз тіркестерінің толық сәйкес келетін этномәдени бөліктерін басқа тілдерге аудару мәселесі трилогияны жүйелі талдау объектісі болып табылады. Біздің ойымызша, Ә. Нұрпейісов, түпнұсқаның түбегейлі артықшылығы барлық басқа аудармалардан басымды болуын мойындатуды іске асыруда аудармашыға арналған аксиома болып табылуын, өз аудармашыларынан талап етеді.

– алғаш рет ұлт мәдениетінің, өмір салтының, қоршаған ортаны қабылдау тәсілінің әртүрлілігіне байланысты аудармашының мәдени ерекшеліктерінің әсерінен туындаған мағыналық бұрмалануының анықталуы аударма үдерісінде коммуниканттар әлемінің мәдени бейнелерінің "бетпе-бет келуі" ретінде түсіндіріледі;

### **Зерттеу жұмысының теориялық маңызы.**

Жүргізілген зерттеу нәтижелері жеткілікті теориялық мәнге ие. Диссертациялық зерттеуде қамтылған теориялық қорытындылар көркем шығармалардың этномәдени шарттылығы тұрғысынан аудару мәселелері бойынша тереңдетілген және кеңейтілген ізденістер жүргізу үшін маңызды.

### **Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызы.**

Диссертацияның қорытындылары мен ережелері «Аударманың өзекті мәселелері», «Аударма теориясы мен практикасы», «Әдебиет компаративистикасы», «Мәдениетаралық коммуникация» және т.б. пәндердің семинарлары мен практикалық сабақтарында қолданыла алады. Қорытынды «Лингвомәдениеттану», «Этномәдениеттану», «Этномәдени ақпаратты аударудың өзекті мәселелері» және «Аударма» сияқты элективті курстарды құруға негіз бола алады. Автордың ұсыныстарын, тұжырымдары мен қорытуларын оқу құралдарын, лекцияларды құрастыруда пайдалануға болады. Сонымен қатар зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін көркем мәтіндегі этномәдени сипаттамаларды аудару барысында, жас аудармашылардың аудару тәжірибесіне пайдалану мүмкіндігіменде ерекшеленеді.

### **Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар:**

– әлемнің лингвистикалық картинасының өзіндік ерекшеліктерін көрсететін сөйлеу формулаларын, ұлттық менталитет элементтерін беру кезінде семантикалық реңктер бейтараптандырылған, эмоционалды сипат жоғалған, нәтижесінде трилогия аудармаларында регистрлер мен стильдердегі сәйкессіздіктер байқалады;

– түпнұсқа мәтіннің авторы мен аудармашы әлемінің мәдени бейнелерінің сәйкес келмеуі трилогиядағы кейіпкерлердің этномәдени бірегейлігінің дұрыс жеткізілмеуіне әкеледі. Түпнұсқа және аударма тілдерінің этномәдени

сипаттамаларының айырмашылығына байланысты аударма мәтіні аудармашының лингвомәдени ерекшеліктерін сөзсіз айқындап көрсетеді;

– вербалды емес байланыс құралдарының этномәдени ерекшеліктерін білмеу салдары сипатталған этнос бейнесінің бұрмалануын туындатады. Түрлі мәдениет өкілдерінің ым-ишара, қалып және көзқарасты дұрыс түсінбеуі трилогия аудармасындағы мәдени-коммуникативті сәтсіздіктерге әкеледі;

– кейбір жағдайларда аудармашының жеке этникалық ерекшеліктері жаңа аударма шешімдерінің қабылдануына әсер етеді. Этномәдени компоненті бар экспрессивті бірліктердің мәндерін қазақ тілінен орыс тіліне аударғанда көбінесе экспрессемалардың экстенционалды әсері байқалады. Аударылған мәтіндерде дисфемизация әдісі қолданылады, аталған бірліктер экспрессивті түрленген вульгаризмдермен алмастырылады, бұл лингвостилистикалық сәйкессіздіктерге және кейбір кейіпкерлердің этномәдени келбетінің дұрыс берілмеуіне әкеледі;

– романдар аудармасындағы аударылмай қалған, артық кеткен және бұрмаланған ақпарат этномәдени бірегейліктің барабар берілуіне айтарлықтай әсерін тигізді. Бұлар мәтіндерді салыстырмалы талдау барысында анықталған жайлар. Аудармашы тәжірибесінің жеткіліксіздігі, түп нұсқада сипатталған қоршаған шындық туралы жеткілікті білімнің болмауы аударылған мәтіндегі ақпараттың деформациялануына, түпнұсқаның этномәдени ерекшелігінің жойылуына әкеледі;

#### **Зерттеу жұмысының сыннан өтуі**

Ғылыми жұмыс нәтижелері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының семинарларында талқыланды. Диссертация тақырыбы бойынша 13 мақала, оның ішінде 5 мақала халықаралық конференция жинақтарында, 5 мақала ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған ғылыми журналдарда, 2 мақала Scopus базасына кіретін журналдарында және 1 мақала ғылыми жинақтар еңбектерінде жарияланды.

1 Абайдың өлеңін орыс тіліне аударудағы сөздің этномәдени баламалылығы мәселесі // ҚазҰУ Хабаршысы. – № 6 (158). – Алматы, 2015. – 294-299 б.

2 Мәдениетаралық құзыреттіліктің даму факторы ретіндегі тілдік сана // ҚазҰУ Хабаршысы. № 2/2 (160). – Алматы, 2016. – 220-224 б.

3 Жоғары этномәдени бірегейлігі бар көркем мәтіндерді аударудағы қиындықтар типологиясы. ҚазҰУ Хабаршысы – № 2 (166). – Алматы, 2017. – 331-335 б.

4 Тіл – этномәдени бірегейліктің факторы. «Адамтану» ІХ Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. – Кемерово, 2017. – 13-16 б.

5 The problem of translation of ethnocultural identity in Abay's poem. VII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция: «теория және практика, филологиялық зерттеу». – Прага, 2017. – 59-63 б.

6 Қазақ халқының тілдік мінез-құлықтары этномәдени бірегейліктің көрінісі ретінде. ҚазҰУ-дың «Қабдолов оқулары» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. – Алматы, 2018. – 200-208 б.

7 Russian-Kazakh literary relations: The influence of Russian realism on the development of A. Nurpeisov's writing. Журнал «Man in India», ISSN: 0025-1569, SJR\_2016:0,110, Scopus. 97 Том. – Индия, 2017. – 2017-219 б.

8 The role of ethno-specific concepts in the formation of national character and mentality of people. Республикалық ғылыми-әдістемелік еңбектер ұсынған ғылыми-зерттеу институты Абай атындағы Қазуу. Әл-Фараби Атындағы Қазуу. – Братислава, 2018. – 113-119 б.

9 Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» трилогиясындағы этномәдени экспрессивті лексиканың аударылу мәселесі. Жас ғалым: қиындықтар мен перспективалар. СХЛІІІ Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. – № 43 (143). Мәскеу, 2019. – 49-54 б.

10 Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» трилогиясындағы образды фразеологизмдердің аударылу ерекшеліктері. Заманауи ғылыми зерттеулер: мәселелер мен перспективалар: IV Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. – Мәскеу: Перо, 2019. – 166-172 б.

11 Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» трилогиясындағы этномәдени реалиялардың аударылу мәселесі. // Абай ат. ҚазҰПУ-нің хабаршысы, «Филология ғылымдарының» сериясы.– №4 (70). – 2019. – 537–543 б.

12 Аудармадағы талдау кезеңінде көркем мәтіннің этнологиялық зерттелуі (Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер» трилогиясы мысалында) // ҚазҰУ Хабаршысы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – № 4 (176). – 212-218 б.

13 Recreation of ethno-cultural markers in the translations of “Blood and Sweat”//Opcion, Año 36, Regular № 91. – Венесуэла, 2020. – ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385, Scopus. – 851-870 б.

### **Зерттеу жұмысының құрылымы**

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері тақырыптың ашылу логикасына бағынады. Жұмыс кіріспеден, үш тараудан (әрбір тарауда 3 параграфтан), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.